*А4 Пішін*
*Формат А4*

| | | |
|---|---|---|
| | | *Нысанның БҚСЖ бойынша коды*<br>*Код формы по ОКУД*<br>_______________<br>*КҰЖЖ бойынша ұйым коды*<br>*Код организации по ОКПО*<br>_______________ |
| *Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі*<br>*Министерство здравоохранения Республики Казахстан* | | *Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017 /е нысанды медициналық құжаттама* |
| *Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы*<br>*Наименование государственного органа санитарно-эпидемиологической службы*<br>*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қызылорда облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы*<br>*Аральское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Кызылординской области Комитета охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан* | | *Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415* |

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды**
**Санитарно-эпидемиологическое заключение**
№ N.01.X.KZ05VBS00119742
Дата: 13.09.2018 ж. (г.)

1.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза) ***Арал ауданы, Беларан ауылдық округы, Құланды ауылы,Құланды көшесі №62 гимаратта орналасқан Арал аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « 50 орындық №77орта мектебі және 20 орынға есептелінген шағын орталық***
(пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности,работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) ***Заявление от 03.09.2018 11:52:58 № KZ41RBP00133990***
өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата,номер)

2.Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) ***Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №77» коммунального государственного учреждения «Аральский районный отдел образования», Қызылорда облысы Арал ауданы Беларан ауылдық округі Құланды ауылы, - - -***
Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы.
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)
***Білім беру***
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4.Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) -

5.Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) ***КММ №77 орта мектеп директорының 03.09.2018 жылғы № KZ41RBP00133990***

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) -

7.Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертноезаключение других организации если имеются)
-
Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8.Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

«Арал аудандық білім бөлімі» КММ №77 орта мектептің ғимараты 2 қабатты типтік жобада салынған ғимаратқа орналасқан. Ғимарат 2018 жылы 15 ақпан айында пайдалануға берілген. Ғимаратының ірге тасы бетон блок, қабырғасы силикат кірпішпен қапталған, шатыры металл жабынқышпен қапталған, қабатар аралық аражабын темір бетонды плиталар төселген. Ғимараттың ішкі әрленуі: бөлмелердің қабырғалары сулы эмульсиялық сырмен сырланған, едендеріне линолеум төселген.Мектеп залының едендері кафелденген, қабырғалары эмульсияланған. ІІ- қабаттың залының едендері линолеумданған. Сынып бөлмелерінің едендері линолеум, қабырғалары эмульсияланған.

Салынған жылы -2017 жыл. Құрылыс ауданы 1770,0ш.м; Бөлмелер саны-97; Ғимараттың ауқымы-8923ш,м; жалпы алаңы -1645,4 ш.м; Мектепте оқу процесі бір ауысымда. 50 орындық мектеп 20 орындық балабақшаға арналып есептелінген, қазіргі таңда - 1-4 сыныпта-27/13; 5-9 сыныпта-29/10, барлығы 56/23 оқушы білім алуда.Мектеп ауласы темір қоршаумен қоршалған,аяқ жолдары асфальтталып, 50 пайызға көгалдандырылған. Ғимараттың ауласының бір бөлігінде спорт алаңы, 2-ші бөлігінде футбол алаңы қаралып, қажетті ойын- құралдарымен толық жабдықталған. Су жүйесі тасымалды , арнайы 10м3 су қоймасы жасалынып, ішкі су желісіне насос арқылы айдалып, су әр қабатқа , ішкі әжетханалар мен раковиналарға келтірілген. Лас су жүйесі жергілікті септик, лас - су құдығының беті торланған. Мектеп ғимаратынан 25 метр қашықтықта арнайы орынға 1 лас- қоқыс жәшігі қаралған. Аулада 2 бөлікке бөлінген 2 аулалық әжетхана қаралған, 4 орынға есептелінген, ауа алмастыру трубалары орнатылған. Ғимаратішілік әжетхана саны- 14, барлығы жұмыс қалпында. Жылу шағын бу қазандығы арқылы жылытылады, сұйық отын пайдаланады, сұйық отын қоры -7000 тонна. 2 бөлмеден тұрады: жылу қазандығы орнатылған бөлме және сұйық отын сақтайтын орын. Жарық жүйелері табиғи және жасанды. Табиғи жарық терезе көздері арқылы, ал жасанды жарық жәй жарық лампалары арқылы беріледі. Әр сыныпта 3 қатарда 5 люминесценттік шамнан және тақта үсті шамдары орнатылған. Шамшырақтар қорғаныш құрылғыларымен жабдықталған. Ауа алмастыру терезе желдеткіштері мен ауа алмастыру жүйелері арқылы жүргізіледі. Оқушылар мен қызметкерлердің жеке бас тазалықтарын сақтауға орталықтандырған қолжуғыштар (раковина) қаралған. Раковина айналасы керамикалық плиталармен қапталған. Залалсыздандыру дәрі-дәрмек қорынан қорда-15кг гипохлорид Са және 800 таблетка дихлор дәрісі бар. Залалсыздандыру ертіндісін дайындайтын арнайы 50 л.көлемді ыдыс қаралған, шағын бөлме бөлініп, сол жерде дайындалады..Оқушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында сыйымдылығы 100 литр тоқтитан, қайнаған су құятын сақиналы фонтанчикті 1 шағын бөшкесі қаралып, 1 қабатқа қойылған. Таза су, қайнаған суды суытатын және тасымалдайтын ыдыстарымен жабдықталған. Су қайнатуға бөлек бөлме қаралып, жауапты адам бекітілген. Сиымдылықтардың сырттары белгіленген.

І-қабатта 20 орынға есептелінген шағын орталық бөлмелері, асхана, 2-шеберхана, спорт зал, 8 сынып бөлмелері,информатика, лингафон, 2-балалар шешінетін орын. 1-медициналық пункт, физика,химия лабараториясымен,1-психолог,1-күзет бөлмесі,1-техникалық қызметкерлерге арналған бөлмелер қаралған.

ІІ-қабатта директор,қабылдау бөлмелері, 1-мұғалімдер бөлмесі. 30 орынға есептелігген мәжіліс бөлмесі, 1-кітапхана бөлмесі, 1- директордың орынбасары бөлмелері қаралған. Сахнаға өнер көрсететін ұл балалар мен қыз балаларға бөлек киініп-шешінетін бөлмелер қаралған. Мектеп ғимаратының ауласында 5 есіктер қаралған. Шағын орталық балаларын қабылдайтын есік, асханаға , кір жуу бөлмесіне, спорт залға, шеберханаға кіретін есіктер.

20 орынға есептелінген шағын орталыққа өз алдына кіретін есік қаралып, оқу сыныптары жағынан оқшауландырылған. 2 топтың 2 жатын, 2 ойын бөлмелері қаралған. Жатын бөлмелерінің аудандары-25,40ш.м, 25,0 ш.м. Ойын бөлмелерінің аудандары-19,60 ш.м, 19,60 ш.м. жатын бөлмелеріне 1 қабатты керуеттер орналастырып, матрац,жұмсақ жиһаздар түгелімен алынған. Ойын бөлмелері қажетті ойын құралдарымен, ойын шкафтары, стол, орындықтарымен жабдықталған.Балалардың киім шкафтары қабылдау бөлмесінде орналастырылған. Санитарлық тораптар саны-2, 2 қол жуу раковиналары мен 2 унитаз қондырғылары орнатылған және 2 топқа 2 себізгі қаралған. Қол жуғыштарға, унитаздарға су желісі келтірілген, жұмыс жағдайында. Қолжуғыштар су ысытқыш қондырғы арқылы ыстық сумен жабдықталған. Балалардың сүлгілерін ілетін, жеке бас гигиенасы құралдарына арналған жеке ұяшықтары бар қабырғаға ілетін аспалы ілгіштермен жабдықталған.

Қазіргі таңда шағын орталықта 20 бала тәрбиеленуде. Ойыншықтар және жұмсақ ойыншықтарды дезинфекциялайтын бактерицидті сәулелегішпен қамтамасыз етілген. Топтық үй-жайларда,медициналық пунктте ауа температурасын бақылау үшін қабырғаға термометрлер орнатылған. Жұмсақ төсек әбзелдерімен, балаларға қажетті тамақтанатын ыдыс -аяқтармен қамтамасыз етілген. Бөлмелердің терезелеріне москиттік торлар орнатылған.

Кір жуу бөлмесі және үтіктеу бөлмесін бөлмелер дайындалған. Бөлменің қабырғасы мен едені кафельденген. Орталықтандырылған су желісі келтіріліп, су ысытуға «Аристон» қондырғысы орнатылған. 1 жартылай автоматты кір жуу машинасы су және жергілікті лас су жүйелеріне қосылған.Кір жуу орнында кір және таза төсектік әбзелдер бір-бірімен қатыспауын, кедергі жасамауын ескеретін ағымдылықты сақтай отырып, таза және лас кірлердің қиылыспау ағымдылығы сақталған,арнайы терезе қойылған.Инфекциялық аурумен ауырған науқастар тіркеле қалған жағдайда

олардың төсек-орындарын жуу алдында дезинфекциялайтын таңбаланған ванна қаралған.
Аулада 4 қоқыс жинауға арналған урналар орнатылған және шағын орталық бөлігіне 2 платсмассадан жасалған көлемді қоқыс жәшік, (арба) берілген. Аулада балаларға арналған 2 көлеңке қалқалары,2 әткеншек,2 сырғанақ қойылған.

Мектепте шеберхана - 2 олар: ағаш, темір шеберханасы және тігін шеберханасы. Тігін шеберханасында 3 тігін машинасы бар, оқу процесіне қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ағаш, темір шеберхана 4 станоктермен жабдықталған, яғни фуговально-пилильно-1, настольно-сверильный-1, винторезной по металлу-1, токарный по дереву-1, тиск-2 дана. Қолжуғыш қаралған, жуып-шаю құралдары бар, оқушыларға арнайы киімдер қаралған.

Информатика кабинеті - ауданы- 26,70 ш.м, компьютер саны-8; интерактивтік тақта саны- 1; еденіне линолеум төселген, терезелеріне жалюзи пердесі ілінген, стандартты 1 орынды жиһаздармен жабдықталған.

Химия кабинеті - 1 лабараториясымен -26,60; 10,80 ш.м, физика кабинеті -1 лабараториясымен - 25,20, 10,80 ш.м, химия, физика кабинеттері арнайы демонстрациялық үстелдермен және 2 қыздыру-кептіру шкаф, аналитикалық таразы, биологиялық микрокоппен қамтамасыз етілген. лингофон -1 - 15,80 ш.м, 8+1 лингафон құрылғысымен, жиһаздарымен жабдықталған, кабинеттер арнайы парталармен, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.Барлық құрылғылар жұмыс қалпында.

Мектепте спорт зал саны- 1, спорт зал ауданы -204,20ш.м; қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған, себізгі, санитарлық торап бөлмелері жоба бойынша қаралған. Қыз балаларға киініп-шешінетін бөлме саны- 10,70 ш.м; Ұл балаларға киініп-шешінетін бөлме саны- 9,90ш.м;
Мектептің асханасы негізгі - 3 бөлмеден және 4- қоймадан тұрады. Асхана- 16 орынға есептелінген, тамақтанатын залдың ауданы- 28,60 шаршы метр. Мектептің тұрмысы төмен отбасы. жетім,жартылай жетім, балаларына 1 ауысымда 4 балаға ыстық тамақ берілуде. Ас дайындау және тамақтану ыдыстарымен жеткілікті қамтамасыз етілген.(І,П,Ш). Ыдыс жуу ваннасы -3, салқын, ыстық су келтірілген. Су ысытуға арнайы «Аристон»қондырғысымен жабдықталған. Ас дайындау орнында технологиялық құрал-жабдықтардан: 4 канфорлы электр плитасымен жабдықталып, ауа сорғыш зонт орнатылған. Су қайнататын 100 л. электрокотел -1, тоқ таба -2, нан пісіретін электр пеші - 1, жұмыс жағдайында. Прилавка -1, камералы тоңазытқыш -5. I және II тағамға арналған мармиттері қаралған. Электрлі ет тартқыш, картоп тазалайтын электрлі қондырғы, электрлі таразы жұмыс қалпында. Тоттанбайтын жууға, залалсыздандыруға келетін үстелдер - 4, піскен, шикі, көкөністер турайтын тақтай, пышақтары, табақтары жеткілікті, белгі соғылған, технологиялық құрал-жабдықтар жұмыс жағдайында. Асханалық құрал-жабдықтарды жууға арналған 2 ұяшықты көлемді ванна қаралып іске қосылған, асхана ыдыстарын жуатын 3 ұяшықты ванна іске қосылмаған. Асханада шикі өнімдерді жууға бөлек жуғыштар қаралған.

Қоймада азық-түліктер стеллаждарда, сөрелерде сақталады. Көкөністер сақтау бөлмесі - 1, 1 - эл. көкөністер турайтын, 2 -ұялы ванна, 1- тоттанбайтын үстел, 1- раковина орнатылған. Нан сақтау бөмесінде 1- электр нан кесетін, 1- үстел, шикі етпен балыққа 1 бөлме қаралып, 1- камера 4 бөліктен тұратын, 1- тұрмыстық тоңазытқыш, 1- электр ет тартқыш, 1- раковина, 2- ұяшықты ванна қаралған, таразы бар. Асхана аспазшыларына , бас аспазшыға арнайы демалатын бөлмелер қаралған. Аспазшылар жуынуға арнайы себізгі қаралған. Асхана алдына оқушылардың жеке бас тазалығын сақтауға арналған 2 қолжуғыш раковинасы жанына қолды кептіруге арналған құралдары қаралған.

Мектептің барлық қызметкерлерінің саны -52 , оның әйел саны-26, кезекті медициналық бақылаудан өткен.

-

-

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции, размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) -

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)
***Жарықты өлшеу хаттамасы №5 25.08.2018ж, метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №23 25.08.2018ж. Су үлгінің микробиологиялық зерттеу хаттамасы №88/615 25.08.2018ж; Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы №82/613 24.08.2018 ж.***

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды**
**Санитарно-эпидемиологическое заключение**

***Арал ауданы, Беларан ауылдық округы, Құланды ауылы,Құланды көшесі №62 гимаратта орналасқан Арал аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің « 50 орындық №77орта мектебі және 20 орынға есептелінген шағын орталық***
(нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарақ) пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»).

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
***ҚР ДСМ 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"санитариялық қағидаларына және ҚР ДСМ 2017 жылғы 16 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"санитариялық қағидаларына***

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)
***сай (соответствует)***
(нужное подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қызылорда облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арал аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы**

.

**Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)**
**Аральское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Кызылординской области Комитета охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

.

**(Главный государственный санитарный врач (заместитель))**
*Сатекеева Акзия Касымовна*
**тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)**